

-Қай елдің болмасын ғимараттары салынған дәуірден хабар береді. Атап айтсақ, Еуропада барокко, рококо стилінде салынған үйлер жетіп артылады. Соңғы кездері біздің қалада да түрлі нысандар бой көтеруде. Кәсіби суретші-дизайнер ретінде солардың ұлттық кескін-келбеті қоңіліңізге қона ма?

-Екібастұзда ешқандай өзгеріс жоқ. Сол сұрықсыз сұп-сұр үйлер.

-Біздегі жалғыз мұражай сауда үйлерінен де еңселі тұруы керек емес пе?

-Әрине еңселі тұруы шарт. Бұрындары Екібастұз халқының денін жұмысшылар құрайды, оларды өнерге, білімге баулу бос әурешілік, оған уақыт керек деп жатты. Осылайша, қалада мұражай кеш ашылды. Мына тұрған Баянауылдың орталығында, Мәшіһүр, С. Торайғыров ауылдарының өзінде мұражай бар. Мәдени тұрғыда олар сонысымен бізден артық. Жалпы төл мәдениетті түсінетіндер ауылда. Мұражай болашақты болжау үшін керек. Өскелең ұрпаққа бұл нағыз рухани азық қой. Біз осыны халыққа әлі де дәріптеп жеткізе алмай жатырмыз.

-Қалада өзара пікір алмасып тұрарлықтай қылқалам

салған дегенге сенгің келмейді. Ұлттық тұрғыда керемет сәтті шыққан дүниелер зой. Ал қазақтың үйі бұл Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке мен Төле билердің ескерткіштеріне қарап, оларды егіз бе деп қаласың. Үй Жүздің ақылғойлерін киімдерінен ғана айыруға болады. Әрине ол заманда бізде сурет өнері болған жоқ. Олардың сыртқы келбетін тым болмаса, ауыз әдебиетінде суреттелетін бейнелерін негізге алып бейнелеуге болмас па еді? Бұл мүсіншілердің

нын уақыт көрсетеді.

-Қалалық саябақтағы репрессия құрбандарына арналған ескерткіш арқылы оның авторының не айтқысы келгені ұғынықсыз...

-Мен сол ескерткішті жан алғыш әзірейілдерге ұқсатамын. Оны айтқандықтан біздің Абай мен М. Әуезов көшелерінің қиылысына жирафтардың мүсінін қою жоспарлануда. Жираф біздің өнерді мекен етпейді. Сонда оның қаламызға қандай қа-

Өнертану тұрғалып тұр

Базилияның тунасы АҚЕРМӘЕ ЗЕКЕМБАЙҰЛЫ СОЛТАНОВАЕВ 1977 жылы туған. Алматы. Өнер академиясының графикалық дизайн бітірген. Қазір қалалық өлкетану мұражайында көрме залының меңгерушісі болып қызмет істейді. Ұлттық өнерді насихаттап Жерген Жас қылқалам шеберімен арада болған ерхдатты назарларыңызға реышып отырмыз.

тарапынан ізденіс жоқтығының айғағы емес пе?

тысы бар? Түсініксіз.

ӨНЕРДІҢ ТӨЛ БАЛАСЫ

Өнер адамды асқақ сезімге бөлеуге, адамның жан дүниесін нұрландырып, байытпа тұсуге, ал өмірдің өзін кемелдендіріп, игілікті етуге тиіс.
Т. Қорын

отырған мұражайда ол қайдан болсын. Оның бәрі қаржыға келіп тіреледі.

жеткізсеңіз болмай ма?

-Кезінде әйгілі қылқалам шебері Ван Гогты ешкім ұнатпады. Оны тіпті есінен ауысқан деп те қаралады. Қазір соның салып кеткен дүниелері миллион, миллиардқа бағалануда. Суретші дүниелерінің өмірден өткеннен кейін ғана бағаланатыны заңдылыққа айналды. Соған қарап отырып, өмір сүріп отырған ортаның өнерді бағамдау деңгейі тым құрығанда жарғы сатыға дейін көтерілуіне тер төгуге тура келеді. Бізде өнер бағаланбайды әрі оны түсінбейді де. Біздің қалталылар едендеріне паркетті үш мың долларға Америка мен Еуропадан қымбатқа алдырады да, 500 теңгенің брасын іліп қояды. Бұл дегеніңіз - сұлу қызға күпі кигізіп қойғандай әсер қалдырады. Осы ретте байлардың бәрі бірдей рухани құндылықты түсінеді деп айтуға келмейді.



-Берлиннің қақ ортасынан еңселі ғимарат бой көтеріпті. Сөйтсе, онда миллионер неміс-

- Баланың тұлға ретінде шығармашылығын дамытатын пәнің бірі - сурет. Ал бізде са-



(Жанталас), Қансонарда (Майлы бояу)

шеберлерінің ұйымы жоқ па?

-Екібастұзла суретшілер баршылық болғанымен, өгей баланың күйін кешіп отырған олар оны аса қажетсінебейді де. Облыстық Суретшілер қоғамының төрағасы Қ. Баймолдин Павлодардың белгілі суретшілерінің сурет көрмесін осында ұйымдастыруымды қалаған-ды. Ал ұйымдастырдык делік. Бірақ біз сол суретшілердің тым болмаса бір картинасын мұражай қорына сатып ала алмаймыз. Бізде суретшілердің көз майын тауысып салған дүниесі жете бағаланбайды, меценаттық деген жоқ. Бұл тек біздің өмірде ғана емес, бүкіл елімізде шешімі табылмай отырған жағдай. 90-жылдары Екібастұзла мешіт ашылғанда Еуропала тұрып жатқан жазушы Роллан Сейсенбаев 30 мың доллар қаламақысын сыйға тартқан-ды, Мәрттік деген осы.

-Әйгілі суретші Гүлфайрус Исмайылованың жолдасы марқұм Сидоркиннің М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына салған суреттерін ұтты басқа адам

-Алматыдағы Абайдың мүсіні мен үш биді расында да салыстыруға болмайды. Оның кәдімгі академиялық суретінің пропорциясында да қателік бар. Оған бізде жүйе жасалмаған. Сосын біздің елде археолог пен антрополог мамандары, зертхана жоқ. Бар болған күннің өзінде де ондай тапсырыстар олардың қолына тимейді. Ал мемлекеттік тапсырыс біреудің шабытынан жасалған дүниелер емес. Тапсырыс қашанда уақытынан қалып келеді әрі дер кезінде бітіру керек. Бұл дегеніміз таза халтура, мұнда өнердің титтей де сынығы жоқ. Астана мен Алматыда салынып жатқан мүсіндер дұрыс еместігін айтып Наурызбай Хакімжанов қаншама мақалалар жазды. Тіптен бізде ескерткіштерді қабылдап алатын ұлттық комиссия да жоқ. Өнерді неге Петербургтен көрмейді. Мүсін мәңгілік ескерткіш қой. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Ақнаев деген суретші бұрынғы Суретшілер Академиясының жанынан академия ашып жатыр. Бірақ та ол қаншалықты игі іс болаты-

-Біраз жыл бұрын шыққан Павлодар облысы суретшілерінің каталогына Сіздің де дүниелеріңіз енген болар?

-Ол кезде мен Алматыда едім. Суреттерім кірген жоқ. Бірақ кіріспесінде аты-жөнім аталған. Негізінде сурет салуға икемі барлар нағыз өнер ордасы Алматыда оқып, сонда қалуды көксейді. Сосын да шет жақтағы облыстар ол жағынан кемшін түсіп, иен далада иесіз қалғандай күй кешуде. Мүмкін заман ағымы өзгеріп, бұрынғыдай жолда-



Этюд (Майлы бояу)

мамен келетін шығар. Ол үшін мектеп жасындағы талабы бар балаларды шыңдау керек.

Біздегі балалар көркемсурет мектебі кезінде қаржылық қиындықтарға тап болған соң екіге бөлініп кетті. Екіншісі-Арт-Бюро көркемсурет мектебі. Бір өкініштісі, бұл мектептер кәсіби білікті сурет мұғаліміне зәру.

-Мұражайдан суретке икемі бар балалар үшін үйірме ашуға да болады ғой.

-Мен ақысыз студия ашсақ деген ойды кезінде басшыға айтқан болатынмын. Тіпті ол студия суретші емес, тым болмағанда өнертанушы даярласын деп. Өз күнін қалт-құлт етіп әрең көріп

тердің иттері мен мысықтары тұратын көрінеді. Қожайындары қалдырған мол мұраның арқасында олар сарайда тұрып жатыр. Қарап отырсақ, төрт аяқты хайуанның екі аяқты пендеден де артық болғаны ғой. Парадокс! Сол айтпақшы, мына картинаңыздан Алматыдағы жатаған үй мен аспамен таласқан зәулім ғимараттар көрініс береді. Яғни, ескіні жаңа тықсырып келеді.

-Суретті әркім өзінше қабылдауы тиіс. Мен онымен не айт-

пақ болдым, ол менің ішкі пікірім. Алматының қашаннан келе жатқан проблемасы- алып магнаттар жер үйде тұрып жатқан тұрғындарды бір бөлмелі пәтер сатып алуға да жетпейтін арзан баға ұсыну арқылы күшпен көшіруде. Бұл шығармам әлі біткен жоқ. Мына жерінде үйін әктеп жатқан әйел салынады әлі.

-Ал мына суретте түз тағысы мен қыранның айқасы.

-Мұны мен қарапайым халыққа арнап салдым. Егер шынайы абстрактылы, сюрреалистік жанрлар салсам түсініксіз болар деп ойлады.

-Халықтың өресіне қарамай-ақ ойыңызды қалауыңызша

зат саны жетпеген мұғалімдер осы сабақтан беруге мәжбүр. Ал баланың сурет салуға деген талабын кәсіби білігі жоқ мұғалім қалай ұштасын.

-Ү. Ибрагимов пен Қ. Болатбаев сурет сабағының жетінші сыныпқа дейінгі оқулығын жазды. Бірақ соны түсіндіре алатын маман бізде расында да тапшы.

Сөз соңы: Ақертіс Зекебайұлы қала әкімінің тапсырысымен Естай, Абай, М. Әуезов, С. Торайғыровтың мүсіндерін жергілікті мүсінші Баян Қайнышевамен бірігіп жасап шыққан. Ол мүсіндер жақын арада қала көшелерінен орын алмақ.

Сұлтанмахмұтша айтқанда «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» дара тұлғалардың мүсіндері орнатылар-ау. Бірақ сол мүсіндердің күтімге алынып, келешек ұрпақ көзайымына айналуына кім кепіл?!

Иә, адам баласының жануардан айырмашылығы - оның тілі мен санасында. Әр толыққанды пенде тек материалдық қажеттілікті ғана емес, рухани сұранысын да әр кез қанағаттандырып отырса болар еді. Сонда ғана біз замана көшіне ілесеміз. Сонда ғана біз өзге жұртқа мазаққа қалмаймыз.

Өңгімөлескен: Роза Мұсабай

Суретте: Ақертіс Зекебайұлы